

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Құндылық:	«Зан және тәртіп айыр»
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар - Жүру: өкішпен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға). - Тене-теңдікті сақтау: қолдарды артүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үріненген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. - Жүту: орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүтуі. - Еңбектеу, ормелеу: күрсаудан еңбектен өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен ормелеу. - Секіру: 20-25 сантиметр биіктіктен секіру, орынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секірішпен секіру. - Лактыру, домалату, қағып алу: допты кедергілер арқылы бастап иемсіре екі қолымен және бір қолымен лактыру (2 метр қашықтықтан); - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бағыт бойынша түзету; оңға, солға бұрылу, - Ырғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар. - Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеу, екі жаққа бұрылу. - Кеудеге арналған жаттығулар: Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. - Аяққа арналған жаттығулар: Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Қимылды ойындар. - Қимылды ойындарда жетекші ролді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Дербес белсенділігі. - Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.
Дене шынықтыру***	Спорттық жаттығулар. Шамамен бір-бірін сырттанату. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. - "Денсаулық - зор байлық" сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің алға әсерін, тіктерді тазалаудың пайдасын, суық тигенудің алдын-алуға болатынын түсіну. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. - Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майынақты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін

Қаңтар

	ауылды шаю. Өйне-ой қызмет көрсету даямдары. Бейнесу әрекетінен сон күштерді, қыққаландарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тымас алу жолдарын шынықтыру. Күтілетін нәтижелер: өзінің жасаған іс-әрекетінің атағы әсерін, тістерді тазаудың пайдасын, суық тымеудің алдын-алуға болатынын түсінеді; шаппамен сырғанауды және мүздің жолдармен өз бетінше сырғанауды;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәнін, - Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. - Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. - Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жіктеуге және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. - шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Күтілетін нәтижелер: тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді; тұрмыстық электротехника заттарын таниды және атайды;
Көркем әдебиет	- Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жанылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Күтілетін нәтижелер: шығарма мазмұнын қайталап айтуға сюжет желісінің реттілігін сақтайды; тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады;
Қазық тілі ***	Тілдік дамытушы орта. - сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі бағалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәнін,

	- Артикуляциялық және дыбыс шығаратын, сөйлеуде тыныс алуға, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлеу білуді дамыту. Сөздік қор. - Шығарманы жеткізуде оның мазмұнын мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үлгілерді, логикалық екіпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. - Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын "емес" шығауын қолдана білуге үйрету; Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. - Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шынғын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Күтіметін нәтижелер: таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шынғын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша, өз бетінше ретімен қайталап айтады; өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады.
Математика негіздері	Жыны. - Бағаларға жыны, оның әртүрлі түсеті, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Сан, санау. - 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама. - Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық фигуралар. - геометриялық пішіндерді көру және санап сесу арқылы зерттеу, Көңістікті бағдарлау. - Көңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен). Уақытты бағдарлау. - Тәулік бөліктері (тәнерген, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктерін анықтау. Күтіметін нәтижелер: 5 көлемінде санай алады, санауларды ретімен атайды; бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады; көңістіктегі заттардың өзіне қатысты орын анықтайды;
Қоршаған ортамен	Ба-ла, оның отбасы, үйі.

Таныстыру	
	- Жакын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақаныш сезімін білдіру. Заттық әлем. - Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары. - Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу. - Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбекімен жасалғаны туралы түсінік беру, отан ұқыпты қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. - Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Менің Отаным-Қазақстан. - Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Жолда жүру ережелері. - Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдымдарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. - Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (аласып қалу, құлау) өзінің құрыс ұстауға үйрету. Әлі табиғат құбылыстары мен заттары. - Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жең сотып, жапырақтар түсі, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктер әлемі. - Белме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға құтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі. - Жандіктер туралы (қонды, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. - Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.

	және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. Күтілетін нәтижелер: ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытады; өзара көмек беруге дайын, ренжіген бағаға жанашырлық танытады; өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларына ие;
Құрастыру	- Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. - Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрмын, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (сүбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, дiңiрмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Күтілетін нәтижелер: қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі; табиғи және қалдық заттардан құрастырады;
Сурет салу	- Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұқтылысты қолдау. Күтілетін нәтижелер: сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады;
Мүсіндеу	- Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындау да міндеттемелерді өзара бөлу. Күтілетін нәтижелер: ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады; ұжымдық жұмысқа қатысады;
Жансызру	- Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сәндік, кебежемен, қоржынымен таныстыру. Күтілетін нәтижелер: Ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды,дыстарды бөзепдіреді;
Музыка ***	-Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. -Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту. -Аспаптың сүйемелдеуіне,ересектердің дауысына ілесіп отырып,олармен бірге ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. -Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқаны мен сипатына сәйкес бір-бірімен,жүшпен ырғақты қимылдар орындау. Күтілетін нәтижелер:

Билетін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды;

Ұйымдастырылатын іс-әрекет	Ұйымдастырылатын іс-әрекеттің міндеттері
Айы	Күнделіктілік және жаңашылдық айы
Күнделіктілік	Негізгі қимылдар
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар - Жүру: жүруді жүтірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру. - Тене-тендікті сақтау: сызықтардың арасымен (аралықтың 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқаның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. - Жүтіру: түрлі танырмаларды орындай отырып: шипшип және бау қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүтіру. - Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қалымен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. - Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; - Лақтыру, домалату, қағып алу: допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3-4 рет). - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: араларын алшақ ұстау және жақын тұру. - Ырғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар. - Қол және аяқ белдеуіне арналған жаттығулар: Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. - Кеудеге арналған жаттығулар: Екі аяқты айкастырып, отыру және тұру. - Аяққа арналған жаттығулар: Тізені бүгіп, екі аяқты кезек кезек көтеру Қимылды ойындар. - Дөңгелекпен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес белсенділігі. - Балалардың дөңгелекпен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.
Ақпан	

Дене шынықтыру***	Спорттық жаттығулар. бір-бірін сырғанау, шамамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Садауатты өмір салтын қалыптастыру. Садауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Дене белсенділігі (танертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Мәдени-тигениалық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қалағалауды елестке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Қимылдауға ынталды, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Күтілетін нәтижелер: дене белсенділігі мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы біледі; шамамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәнін. - Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, мұны және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор. - Сөздік қорды заттар тобын бөліретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын бөліретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. - Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. - шығармалардың, ертегілердің қызықты үніділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Күтілетін нәтижелер:

	Дәуіссті, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады; тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді; тұрмыстық электротехника заттарын таниды және атайды;
Көркем әдебиет	- Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын (интонация, ыр-шара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыс-е-мейрімді, аккөңді-салмақты) ынталандыру; Күтілетін нәтижелер: сахналық қойылымдарға қатысады; образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын қолданады; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге тырысады; рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады;
Қазақ тілі ***	Тілдік дамытушы орта. - Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәнін еті. - Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, е дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. - Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрымы. - Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын "емес" шыдауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстарын сөйлеу. - ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша отан дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Күтілетін нәтижелер: өлеңдер, санамақтар, жанытпаштар, тақпақтарды жатқа айтады; жұмбақтардың жауабын табады; шешеңдік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады; шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытады; кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіреді;
Математика негіздері	Жүйелі.

	- Балаларға жылы, оның әртүрлі түстегі, пішінісігі, өлшемсізгі заттардан тұратыншылығы туралы түсінік беру. Сал, санау. - 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама. - Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Геометриялық фигуралар. - сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жуқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тегі). Көністікті бағдарлау. - заттарды он қолмен солдан оңға қарай орналастыру, Уақытты бағдарлау. - Тәулік бөліктері (тәнертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктерін анықтау. Күтілетін нәтижелер: 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады; сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды;
Қоршаған ортамен таныстыру	База, оның отбасы, үйі. - Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету; отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы аңғырту; өзінің жақындарына мақтанымш сезімін білдіру. Заттық атам. - Адамдарға еңбектері үшін атыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары. - Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу. - Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбеті, (қаламен ауылдың байланысы), диканының еңбеті туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбетінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. - Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және адалдыққа, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. - Жағымсыз қылықтарды үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдастанан кешірім сұрауға баулу. Менің Отаным-Қазақстан.

	-Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. -Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері. - Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. -Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жалғайларды (адамсыз қалып, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. Өзі табиғат құбылыстары мен заттары. - Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, ағу, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктер әлемі. - Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі. - Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. - Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің еңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. Күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды; өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады; жолда жүру ережелерін біледі; көлік түрлері мен жол түрлерін атайды; ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады; жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін біледі; - Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қаппақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Күтілетін нәтижелер: қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі;
Құрастыру	

Сурет салу	-Пішіні ескере отырып, ою-өрнекті орындастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. -Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Күтілетін нәтижелер: әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді;
Мүсіндеу	- Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. -Дайын мүсінді дөңселек, сонақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Күтілетін нәтижелер: ұжымдық жұмысқа қатысады; қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады;
Жансыру	- Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден заірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жансыру дағдыларын қалыптастыру. - Жансыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. Күтілетін нәтижелер: Жансыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды,жұмысты ұқыптылықпен орындайды; геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен жасайды;
Музыка ***	- Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыка тыңдау. - Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңсымай соңына дейін тыңдау). Ән айту. - Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. - Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. - Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер. - Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жүгіспен би қимылдарын орындау; билерге ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Күтілетін нәтижелер: қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды білсеі; марш сипатын ырғақты жүрумен береді, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді;

Айы	Ұйымдастырылған іс-арекеттің міндеттері
Құрылымдық:	«Тәуелсіздік және отаншылдық айы»
Дене шынықтыру	Негізгі кимылдар - Жүру: бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ кимылдарын үйлестіру. - Тене-теңдікті сақтау: арқаның, тақтайдың, гимнастикалық скамьяның, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту. - Жүгіру: орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. - Еңбектеу, ормаласу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен тортандалып еңбектеу. - Секіру: орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіріткімен секіру. - Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, күресушілерді бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес). - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бір-бірінен сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. - Ырғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және кимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы даямтушы жаттығулар. - Қол және аяқ белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару; - Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. - Аяққа арналған жаттығулар: Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен оқшени, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Кимылды ойындар. Кимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруды бастамайынша, дербестік танытуға баулу. Дербес белсенділігі. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, кимылды ойындарға қатысуға тарту.
Дене шынықтыру***	Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу.

Наурыз

	Сапауатты өмір саятын қалыптастыру. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастыңнан кезде ересектерге жүтінуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртың келбетін қалайлауды елестке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Қимылдауға ынталың, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Күтілетін нәтижелер: адамның өмірі мен денсаулығы үшін дене шынықтырудың маңыздылығын түсінеді. өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дабыстық мәнін. - Сөйлеу қарқынның өзгеруді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақияқтар мен жанытпапшаңтар айтқызу. Сөздік қор. - Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрте отырғызу, "қонақ кезде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әлестілікті сақтауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. - зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүтір). Байланыстырып сөйлеу. - Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Күтілетін нәтижелер: ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды; қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын таниды, атайды; қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді;
Көркем әдебиет	- Сахналық қойылымдарға қатысуға, тыныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарды таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-

	мейірімді, әккөңіл-сәлмақты) ынталандыру. Күтілетін нәтижелер: схемалық қойылымдарға қатысатын; образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге тырысады; рөлді, сюжетті тияндау да бастамашылық пен дербестік танытады;
Қазақ тілі ***	Тілдік дамытушы орта. - сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінде қолдануға, түрлі бағалар әрекеттерінде өзінің және құрастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәнінесті. - Қазақ тіліне тән ө, Һ, Ү, Ұ, і, г дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. - Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанышырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. - Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын "емес" шылауды қолдана білуге үйрету, Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. - ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқитаны ойлап табуға баулу. Күтілетін нәтижелер: ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды; берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқитаны ойлап табады.
Математика негіздері: Ұйым.	- заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сан-санау. - Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шама. - Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Геометриялық фигуралар. - сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындық-қысқалық, кеңдеу-тарлау, жоғары-

	төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кенестікті бағдарлау. - Кенестік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен). Уақытты бағдарлау. - Тәулік бөліктері (тәңіртөн, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктерін анықтау. Күтілетін нәтижелер: теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға не; кенестіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды; берілген бағытта қозғалып; қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады;
Қоршаған ортамен таныстыру	Баға, оның отбасы, үйі. - Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). - Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Заттық ағам. - Бағаларды заттық ағаммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Көлік, байланыс құралдары. - Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Еңбекке баулу. - Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диканның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзінің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. - Бағаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген бағала жанашырлық танытуға және ренжіткен бағаның әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен бағаның әрекеттерін қолдауға, бірте, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой еңігінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Менің Отаным-Қазақстан. - Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. - Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері. - Көлік түрлері, жол бөліктері (трогуар, жолдың жүру бөлігі мен жауу жүргінішілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдарламалық белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін

	қалыптастыру. Ол табиғат құбылыстары мен заттары. - Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін байқау. - Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі. - Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, қошөт, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі. - Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндігі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдалы), оларға құтім жасауды ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. - Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: - өзінің туған жерін біледі және атайды; - отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі; - ерекшелік міндеті туралы түсініктерге ие; - көшеле, аялда, аланда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;
Құрастыру	- Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтижелер: - табиғи және қалдық заттардан құрастырады; - заттарды өз бетінше тандап, ойдан композиция құрастырады;
Сурет салу	- Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен renkтері туралы ұғымдарын байыту. - Қоныр, қызғылт сары, ашық жасыл renkтермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Күтілетін нәтижелер: - қоныр, қызғылт сары, ашық жасыл renkтерді таниды;
Мүсіндеу	- Ермексаз, сабапшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардан толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектерін иію, жеке бөліктерді тұтастай бөліктен созу, майда бөліктерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.

	Күтілетін нәтижелер: мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; ермексаз, сабадшық, пыстықалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді;
Жансыру	- Эскиздердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. - Жансыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. Күтілетін нәтижелер: ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді; жансыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды;
Музыка ***	- Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыка тыңдау. - әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және кимылдармен сүйемелдеу, - қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдау. Ән айту. - Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық кимылдар. - кимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүреген отыру, музыканың екінші бөлігінде кимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. - Балалар музыкалық аспаптарын таныу және атау. Билер. - Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, кимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би кимылдарын орындау. - Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. "Қамажай" бийін үйрету. Күтілетін нәтижелер: ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би кимылдарын орындайды; музыка жанрларын анықтайды; әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды;

Айы	Ұйымдастырылған іс-арекет	Ұйымдастырылған іс-арекеттің міндеттері
------------	----------------------------------	--

Күнделік:	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар - Жүру: бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. - Тене-теңсіздікті сақтау: көлбеу тақта бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру. - Жүтіру: аяқтың ұшымен, тізені жотары көтеріп, алдымен жүтіру, сапта бір-бірімен, шенбер бойымен, "жыланыш", шапырап жүтіру. - Еңбектеу, өрмелеу: етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; - Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2-3 метр қашықтыққа алға ұқтылып қос аяқпен секіру. - Лықтыру, домалату, қатып алу: лонгы кесергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лықтыру (2 метр қашықтықтан). - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Екеуден, үшеуден бірінші артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзету. - Ырғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жаңы дамытушы жаттығулар. - Қол және аяқ белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды алға созып, саурақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналындыру. - Кеудеге арналған жаттығулар: Етпетінен жатқан қалыпта нықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. - Аяққа арналған жаттығулар: Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен оқшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. - Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. - Қимылды ойындар, Лоптармен, секіріпштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. - Дербес белсенділігі. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, аяға түсетін салмақты реттеу. Дене шынықтыру*** - Спорттық жаттығулар. - Үш дөңгелекті велосипедті тұра, шенбер бойымен, оңға және солға тебу. - Салмақты өмір салтын қалыптастыру. - Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүтінуге баулу. - Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. - Тамақтану едәбін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құрылдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану. - Тамақтаналып болғаннан кейін ауызды шаю. - Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. - Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, күргізу. - Сауықтыру-шынықтыру шаралары. - Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөңгіп, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. - Күліметін нәтижелер:

Сәуір

	доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа дақтырады, доптарды келерілер арқылы дақтырады және қатып алады; ғимнастикалық қойырмаға жоғары-төмен ауыспалы қаламмен өрмелейді; ала ұғытылып, ұзындыққа қос аяқпен секіреді;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәнін. - Сөйлеу қарқынын өзгертуді білгену: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жанытпақтар айтқызу. Сөздік қор. - Балаларды қазақ халқының қонақжайлық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ келе", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. - Тілдің грамматикалық құрылымы. - зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). - Байланыстырып сөйлеу. - Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Күтілетін нәтижелер: - ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды; - қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын таниды, атайды; - қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді;
Көркем әдебиет	- Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауға түрлі интонацияларды, үлгістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Күтілетін нәтижелер: - дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаныртады; - әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;
Қазақ тілі ***	Тілдік дамытушы орта. - сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі бағалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәнін. - Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алу, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор. - Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізіп білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қарынан көрсете білуге мүмкіндік беру.

	Тілдің грамматикалық құрамы. - Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сойлеу. - Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертелегілер мен шатын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша отан дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Күтілетін нәтижелер: - Бір-бірімен еркін диалог құрады; - таныс немесе бейтаныс ертелегілер мен шатын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша, өз бетінше ретімен қайталап айтады; - өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады.
Математика негіздері	Жыны. - заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сан, санау. - 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, " барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Шама. - Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық фигуралар. - геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Кеністікті бағдарлау. - Кеністік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен). Уақытты бағдарлау. - Тәулік бөліктері (тәңіртен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктерін анықтау. Күтілетін нәтижелер: - тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі; - "бүгін", "кеше", "ертең" ұғымдарын ажыратады; - қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады;
Қоршаған ортамен таныстыру	База, оның отбасы, үйі. - Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). - Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзінің құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.

	Заттық деген. - Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. - Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік, байланыс құралдары. - Қотандыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Еңбекке баулу. - Балалардың еңбек етуге деген он көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілігінен қарауды қалыптастыру; бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. - Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. - Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. - Жағымсыз қалықтарды үшін ұятты сезіне білуге, реңкіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Менің Отаным-Қазақстан. - Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. - Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері. - Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жауу жүргінішілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. - Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. - Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі. - Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі. - Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоныздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоныздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықымдықтың, шықылдауы, ұя салуы, баппан шығаруы, жатда көбелектер, қоныздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Бағалардың жаңы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. - Қотамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. - Қотамдық көліктігі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелері:
--	---

	қоршаптан орталапты қарапайым мінез-құлық ерекшелерін біледі, сақтық танытады, табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді; ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерге қарапайым байланыстар орната алады; -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше танытап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. -Ұқыштылыққа тәрбиелеу. -Қауіпсіздік ерекшелерін сақтау. Күтілетін нәтижелер: заттарды өз бетінше танытап, ойдан композицияны құрастырады; құрастыруда шығармашылық танытады;
Сурет салу	- Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. -Сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Күтілетін нәтижелер: жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады;
Мүсіндеу	- Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңселек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен бейнеліру. -Мүсіндеуде қауіпсіздік ерекшелерін сақтау. Күтілетін нәтижелер: мүсіндеуде қауіпсіздік ерекшелерін сақтайды;
Жансыру	- Ұжымдық сюжеттік композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. - Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киноға немесе өз бетінше ойдан қияп жапсыруға мүмкіндік беру. -Шығармашылық қиялды дамыту. -Жансыруда қауіпсіздік ерекшелерін сақтау, жұмысты ұқыштылықпен орындау. Күтілетін нәтижелер: ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады; заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қияп жапсырады; жансыруда қауіпсіздік ерекшелерін сақтайды, жұмысты ұқыштылықпен орындайды;
Музыка ***	-Балалардың музыкаға деген қызығушылығын туғызу, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалдан қабылдауға дамыту. Музыка тыңдау. - әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және коммалармен сүйемелдеу.

	-жазатын ұлттық аспабы домбырамен орындалатын әндер мен күйлерді тыңдау. Ән айту. -Әуесқай таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. -Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуісіз ән айтуға баулу (тарбөңешіні көмектiмен). Музыкалық-ырғақтық қимылдар. - музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрегің отыру, музыканың екінші бөлігіне қимылдарды өзгерту, музыканың көңілі, ойнақы сипатын қабылдау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. - Балалар музыкалық аспаптарын таны және ағау. Билер. -Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен етілдік таныту, музыканың көңілі, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. -Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. "Қамзай" биін үйрету. Күтілетін нәтижелер: әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды; музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді;
--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Құндылық:	«Бірлік және ынтымақ айы»
	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар - Жүру: қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. -Тере-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың, борененің бойымен жүру. -Жүтіру: орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүтіру. -Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу. -Секіру: бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.
Мамыр		

	-Лыстыру, домалату, катып алу; заттардың араcымен донтарды, құрсауларды бір-біріне домалату. -Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру; онга, солға бұрылу, орында айналу. -Ырғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жатыны дамытушы жаттығулар. -Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. -Кеудеге арналған жаттығулар: Екі қолды белге қойып, онга-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). -Аяққа арналған жаттығулар: Түреліп тұрып, аяқтың бақылауымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Қимылды ойындар. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, егілгілік) дамыту. Дербес белсенділігі. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.
Дене шынықтыру***	Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, онга және солға бұрылу. Саяуатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың алғадағы ролі және оларды қатай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қалыптауды елесте айнылдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жатан аяқ жүру. Күтілетін нәтижелер: сызықтардың, арканның, тақтадың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; гимнастикалық қабырғата жоғары-төмен ауыспалы қаламмен өрмелейді; екі, үш дөңгелекті велосипед тебеді, онга, солға бұрылады;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәнін. - Сөйлеу қарқынның өңертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тапқырлар мен жанытпапшытар айтқызу. Сөздік қор. - Балаларды қызық халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, баға беру, қонақты шыңарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үйендерді сыйлауға,